

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 1122 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 51, 648-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 15 және 238-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** : » ;

көрсетілген қаулыға 19-қосымшада: реттік нөмірі 12-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | |
|-----|--|------------------------------------|--|---|
| 12. | | Біліктілік санаты үшін қосымша ақы | | Қосымша ақы қызметкерлерді аттестаттау нәтижелерінің негізінде уәкілетті орталық мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен айқындалады |
| 1) | Басшыларға, басшылардың орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің (клиникалық бөлімшелерді қоспағанда) басшыларына денсаулық сақтауды ұйымдастыру жөніндегі санаты үшін: жоғары санаттағы бірінші санаттағы екінші санаттағы | | БЛЖ-дан 120% БЛЖ-дан 90% БЛЖ-дан 70% | |
| | | | | |

| | | | | |
|------|---|--|---|--|
| 2) | Клиникалық бөлімшелердің меңгерушілеріне: жоғары санаттағы бірінші санаттағы екінші санаттағы | | БЛЖ-дан 150% БЛЖ-дан 120% БЛЖ-дан 100% | |
| 3) | Біліктілік деңгейі жоғары мамандарға: дәрігерлік медициналық персоналға: жоғары санаттағы бірінші санаттағы екінші санаттағы | | БЛЖ-дан 150% БЛЖ-дан 120% БЛЖ-дан 100% | |
| | мұғалімдерге (3-1) тармақшада көрсетілгендерден басқа): жоғары санаттағы бірінші санаттағы екінші санаттағы | | БЛЖ-дан 60% БЛЖ-дан 35% БЛЖ-дан 20% | |
| | басқа да қызмет салаларының мамандарына (3-2) тармақшада көрсетілгендерден басқа): жоғары санаттағы бірінші санаттағы екінші санаттағы | | БЛЖ-дан 50% БЛЖ-дан 25% БЛЖ-дан 15% | |
| 3-1) | Біліктілік деңгейі жоғары мұғалімдерге (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының: мектептердің; мектеп-интернаттардың (жалпы үлгідегі, арнаулы (түзету), дарынды балаларға арналған мамандандырылған; жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының): жоғары санаттағы бірінші санаттағы екінші санаттағы | | БЛЖ-дан 100% БЛЖ-дан 50% БЛЖ-дан 30% | |
| 3-2) | Біліктілік деңгейі жоғары тәрбиешілерге (балабақшалардың; шағын орталықтардың; мына: жалпы үлгідегі, арнаулы (түзету), дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаттардың, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, кәмететке | | БЛЖ-дан 90% БЛЖ-дан | |

| | | | | |
|------|--|--|---|--|
| | толмағандарды бейімдеу орталықтарының): жоғары санаттағы бірінші санаттағы екінші санаттағы | | 40 % БЛЖ-дан 25% | |
| 4) | Біліктілік деңгейі орташа мамандарға: орта медициналық персоналға: жоғары санаттағы бірінші санаттағы екінші санаттағы | | БЛЖ-дан 100 % БЛЖ-дан 70 % БЛЖ-дан 50% | |
| | мұғалімдерге (4-1) тармақшада көрсетілгендерден басқа): жоғары санаттағы бірінші санаттағы екінші санаттағы | | БЛЖ-дан 50 % БЛЖ-дан 30 % БЛЖ-дан 20% | |
| | басқа да қызмет салаларының мамандарына (4-2) тармақшаларда көрсетілгендерден басқа): жоғары санаттағы бірінші санаттағы екінші санаттағы | | БЛЖ-дан 50 % БЛЖ-дан 20 % БЛЖ-дан 10% | |
| 4-1) | Біліктілік деңгейі орташа мұғалімдерге (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдардың: мектептердің; жалпы үлгідегі, арнаулы (түзеу), дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаттардың; жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдардағы): жоғары санаттағы бірінші санаттағы екінші санаттағы | | БЛЖ-дан 90 % БЛЖ-дан 45 % БЛЖ-дан 30% | |
| 4-2) | Біліктілік деңгейі орташа тәрбиешілерге (балабақшалардың; шағын орталықтардың; мына: жалпы үлгідегі, арнаулы (түзету), дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаттардың жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының): | | БЛЖ-дан 90 % БЛЖ-дан | |

| | | | |
|---------------------------------------|------------------------|-------------------------|--|
| жоғары бірінші екінші санаттағы | санаттағы санаттағы | 3 5 % БЛЖ-дан 20% | |
|---------------------------------------|------------------------|-------------------------|--|

» ;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 13-жолмен толықтырылсын:

«

| | | | |
|----|--|---|--|
| 13 | | Өндірістік оқытуды ұйымдастыру үшін қосымша ақы | Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында |
| | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлеріне | | БЛЖ-дан 100% |

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*